

«Еуразиялық Сауда Жүйесі» Тауар биржасы» Акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің шешімімен **БЕКІТІЛГЕН**
(2009 жылғы 21 қыркүйектегі № 17 хаттама)
(«Еуразиялық Сауда Жүйесі» Тауар биржасы» Акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің шешімімен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды есепке ала отырып,
2010 жылғы 20 сәуірдегі № 26 хаттама
2010 жылғы 03 қарашадағы № 33 хаттама
2010 жылғы 2 желтоқсандағы № 36 хаттама
2011 жылғы 25 қаңтардағы № 37 хаттама
2011 жылғы 12 сәуірдегі № 41 хаттама
2011 жылғы 06 мамырдағы № 44 хаттама
2011 жылғы 05 шілдедегі № 50 хаттама.
2011 жылғы 25 қарашадағы № 60 хаттама
2012 жылғы 20 қаңтардағы № 66 хаттама
2012 жылғы 13 наурыздағы № 71 хаттама
2012 жылғы 07 қыркүйектегі № 84 хаттама
2014 жылғы 28 наурыздағы № 112 хаттама
2014 жылғы 11 қарашадағы № 114 хаттама
2014 жылғы 19 мамырдағы № 116 хаттама
2019 жылғы 04 қазандағы № 224 хаттама
2020 жылғы 18 мамырдағы № 240 хаттама
2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 305 хаттама
2022 жылғы 12 қыркүйектегі № 321 хаттама
2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 327 хаттама
2023 жылғы 04 қыркүйектегі № 338 хаттама
2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 340 хаттама
2024 жылғы 07 қарашадағы № 352 хаттама
2025 жылғы 20 маусымдағы №367 хаттама)

**«ЕУРАЗИЯЛЫҚ САУДА ЖҮЙЕСІ» ТАУАР БИРЖАСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
САУДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕРДІ
КӨРСЕТУ ШАРТТАРЫ**

Алматы қ., 2009

Осы «Еуразиялық Сауда жүйесі» Тауар биржасы» акционерлік қоғамының сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсету шарттары (бұдан әрі - **«Шарттар»**) «Еуразиялық Сауда жүйесі» Тауар биржасы» акционерлік қоғамымен сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсетумен байланысты қатынастарды реттейді, осындай қызметтердің мазмұнын, оларды төлеу тәртібін, сонымен қатар Сауда-саттықтарға қатысуға рұқсат ету (оның ішінде рұқсат етуді тоқтата тұру және тоқтату) қағидаларын, Биржамен Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу тәртібін айқындайды.

I БӨЛІМ. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Шарттарда келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

Биржа -	«Еуразиялық Сауда Жүйесі» Тауар биржасы» акционерлік қоғамы
Биржалық сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсету туралы шарт -	Шарттарға № 2 Қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша Биржа және Сауда-саттыққа қатысушы арасында жасасқан Биржалық сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсету туралы шарт
Заңнама -	Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, оған Қазақстан Республикасының Конституциясы, барлық заңдар, заңға тәуелді актілер, нормативтік құқықтық актілер, оның ішінде Уәкілетті органның актілері кіреді.
Өтініш беруші -	биржалық сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсету туралы шартқа сәйкес қызметтерді алуға ниетті және осындай қызметтерді алу үшін белгіленген талаптарға сай келетін тұлға
Клирингтік орталық -	Биржамен ұйымдастырылатын биржалық саудаға есептік-клирингтік қызмет көрсетуді жүзеге асыратын «ЕСЖ клирингтік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
Биржа мүшелерін аккредиттеу шарттары -	Биржаның Директорлар кеңесімен бекітілген, «Еуразиялық Сауда Жүйесі» Тауар биржасы» АҚ мүшелерін аккредиттеу, олардың аккредиттеуін тоқтата тұру және тоқтату шарттары».
Сауда қағидалары -	уәкілетті органмен ҚР «Сауда биржалары туралы» 2009 жылғы 04 мамырдағы Заңының 4-бабының және 10-бабының талаптарына сәйкес бекітілген «Биржалық сауда қағидалары».
Сауда қағидаларын іске асыру регламенті	Биржаның Директорлар кеңесімен бекітілген «Еуразиялық Сауда жүйесі» Тауар биржасы» АҚ-ның ҚР биржалық тауар нарығын реттеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органымен бекітілген Биржалық сауда қағидаларын іске асыру бойынша регламенті»

ИТҚ қызметтерін көрсету шарттары -

Биржаның Директорлар кеңесімен бекітілген «Еуразиялық Сауда жүйесі» Тауар биржасы» АҚ-ның ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету қызметтерін көрсету шарттары

Клиринг қағидалары -

Клирингтік орталық қатысушыларының жалпы жиналысымен бекітілген «ЕСЖ клирингтік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Клиринг қағидалары

Сауда-саттыққа Қол жеткізу режимі -

Оларды сақтау Өтінімдерді жариялау және осындай Өтінімдер бойынша мәмілелерді жасасу үшін бір немесе бірнеше Секцияларда Сауда-саттыққа қол жеткізуді алу үшін қажетті, Шарттармен белгіленген талаптар мен ережелер жиынтығы

Сауда жүйесінде өзі қойған қолдың аналогын пайдалану туралы келісім -

Сауда жүйесінде өзі қойған қолдың аналогын пайдалану туралы келісім.

Тарифтер -

Шарттарға № 5 қосымша болып табылатын, сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсетуге арналған тарифтер (сондай-ақ Биржаның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша белгіленген өзге де тарифтер, ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету қызметтерін көрсету үшін)

Форс-мажор -

Мыналарды қоса алғанда, бірақ шектелмей: әскери іс-әрекеттер, табиғи апаттар, жаппай тәртіпсіздіктер, оның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының тыйым салатын және шектейтін заңнамалық шешімдері, байланыс жүйелеріндегі, берілістегі және компьютерлік техникадағы кез келген ақаулықтар мен іркілістер және Биржалық сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсету бойынша шарт бойынша міндеттерді орындауды мүмкін емес ететін басқа да жағдайлар, бірақ банкроттықты немесе қаржылық дәрменсіздікті қоспағанда, Биржаның тарапынан ақылға қонымды бақылауға көнбейтін кез келген төтенше жағдайлар.

Осы Шарттада айқындалмаған терминдер Сауда қағидаларында, сауда қағидаларын іске асыру регламентінде, Клиринг қағидаларында, Биржаның өзге де ішкі нормативтік құжаттарында көзделген мәнге ие болады.

II БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 2.1. Сауда қағидалары, Сауда қағидаларын іске асыру регламенті, Биржа мүшелерін аккредиттеу шарттары, ИТҚ қызметтерін көрсету шарттары, Тарифтер осы Шарттардың ажыратылмас бөлігі болып табылады.
- 2.2. Биржаның белгілі Сауда секциясында сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтері Шарттарға белгіленген тәртіппен Сауда-саттыққа рұқсат етілген, осы Сауда секциясындағы Биржа Мүшелеріне – Сауда-саттыққа қатысушыларға Шарттарға сәйкес ұсынылады.
- 2.3. Сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтерді пайдалану Сауда-саттыққа қатысушының құқығы болып табылады. Биржа Шарттардың, Сауда қағидаларының және Биржаның өзге де ішкі құжаттарының талаптарын есепке ала отырып кез келген Сауда-саттыққа қатысушысына Шарттарда айқындалған көлемде және тәртіппен сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсетеді.
- 2.4. Биржаның сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтері Сауда-саттыққа қатысушыларға соңғылардың осындай қызметтерді алуға өз құқығын іске асырудың нақты мүмкіндігін және де Шарттардың, сауда қағидаларының және Биржаның өзге де ішкі құжаттарының талаптарын нақты орындауды есепке ала отырып ұсынылады.
- 2.5. Шарттар Биржалық сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсету шартының ажыратылмас бөлігі болып табылады.

III БӨЛІМ. БИРЖА ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ МАЗМҰНЫ

- 3.1. Биржа Тауарлардың саудасын ұйымдастыру бойынша келесі қызметтерді ұсынады:
 - a) Сауда-саттықтарды жүргізу қағидаларын әзірлеу және белгілеу;
 - b) Тауарлардың Сауда-саттықтарын ұйымдастыру және сауда қағидаларына сәйкес Сауда-саттықтарда жасалатын Тауармен мәмілелерді тіркеу;
 - c) Сауда-саттықтарда Тауармен мәмілелерді жасасу кезінде Сауда қағидаларының орындалуын бақылау;
 - d) Заңнама талаптарына сәйкес Сауда-саттыққа Тауарларға рұқсат ету;
 - e) Клирингтік орталықпен тауарлардың сауда-саттықтарын ұйымдастыру және Тауарлармен жасасқан мәмілелерді орындау үшін қажетті ақпаратпен алмасу және өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету;
 - f) Сауда-саттықтарда Тауармен азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасасуға себептесетін Сауда қағидаларында және шарттарда көзделген өзге де қызметтер.
- 3.2. Биржа Мерзімді келісімшарттарды жасасу мақсатында сауданы ұйымдастыру бойынша келесі қызметтерді ұсынады:
 - a) Мерзімді келісімшартты жасасу мақсатында Сауда-саттықтарды ұйымдастыру және Мерзімді нарық секциясына Сауда қағидаларына сәйкес Сауда-саттықтарда жасалатын Мерзімді келісімшарттарды тіркеу;
 - b) Сауда-саттықтарда Мерзімді келісімшарттарды жасасу кезінде Мерзімді келісімшарттар секциясында Сауда қағидаларының орындалуын бақылау;

- с) Заңнама талаптарына сәйкес Сауда-саттықтарда Мерзімді келісімшарттарды жасасу мүмкіндіктерін ұсыну;
 - д) Клирингтік орталықпен Мерзімді келісімшарттарды жасасу және жасасқан Мерзімді келісімшарттарды орындау мақсатында Сауда-саттықтарды ұйымдастыру үшін қажетті ақпаратпен алмасу және өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету;
 - е) Мерзімді нарық секциясында Сауда қағидаларында және Сауда-саттықтардағы Мерзімді келісімшарттарды жасасуға себептесетін Шарттарда көзделген өзге де қызметтер.
- 3.3. Шарттар Сауда жүйесінің жұмыс істеуін техникалық қамтамасыз ету мәселелерін реттемейді.
- 3.4. Биржа Форс-мажордың басталуымен немесе сауда жүйесінің қызметін қамтамасыз ететін техникалық құралдардың жұмысындағы іркілістермен тудырылған, Шарттарға сәйкес қызметтерді көрсетпегені үшін жауаптылықта болмайды.

IV БӨЛІМ. САУДА РЕЖИМДЕРІ. САУДА-САТТЫҚҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ РЕЖИМДЕРІ

- 4.1. Сауда секцияларындағы сауда-саттықтар Заңнаманың талаптарын және Биржамен қабылданған шектеулерді есепке ала отырып, қосарлы қарсы анонимді аукцион режимінде өткізіледі.
- 4.2. Алынып тасталды *(ЕСЖ ДК шешіміне сәйкес, 2019 жылғы 04 қазандағы №224 хаттама)*.
- 4.2.-1 Алынып тасталды *(ЕСЖ ДК шешіміне сәйкес, 2019 жылғы 04 қазандағы №224 хаттама)*.
- 4.3. Биржамен ұсынылатын сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтердің көлемі мен тәртібі Шарттармен белгіленген Сауда-саттыққа Қол жеткізу режимдерінің біреуімен айқындалады.
- 4.4. Мерзімді нарық секциясын қоспағанда, белгілі Сауда секциясында Биржаның Мүшесі болып табылатын Сауда-саттыққа қатысушы Сауда-саттыққа қол жеткізудің келесі режимдерінің біреуіне сәйкес осы Сауда секциясында Биржамен көрсетілетін сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтерді Шартқа сәйкес алуға құқылы:
- 4.4.1. Сауда-саттық режимі — оның талаптары мен шарттарын сақтаған кезде, Сауда секциясындағы Сауда-саттыққа Қол жеткізу режимі, Сауда-саттыққа қатысушысына сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетіледі және қосарлы қарсы акцион режимінде Сауда секциясындағы Сауда-саттықтарға қатысу құқығы беріледі.
 - 4.4.2. Қарау режимі — Оның талаптары мен шарттарын сақтаған кезде, Сауда секциясындағы Сауда-саттыққа режиміне қол жеткізу, Сауда-саттыққа қатысушысына қосарлы қарсы акцион режимінде барлық Сауда режимдерінде Сауда секциясында Сауда-саттыққа қатысушылармен жарияланған қарауды жүзеге асыруға құқық беріледі.
- 4.5. Мерзімді нарық секциясында Биржаның Мүшесі болып табылатын Сауда-саттыққа қатысушы осы Шарттарға сәйкес Сауда-саттыққа Қол жеткізудің келесі режимдерінің біреуіне сәйкес осы Сауда секциясында Биржамен көрсетілетін сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтерді алуға құқылы.

- 4.5.1. Мерзімді нарықтағы сауда-саттықтар режимі — оның талаптары мен шарттарын сақтаған кезде Сауда-саттыққа қатысушысына Мерзімді нарық секциясындағы Сауда-саттықтарға қатысу құқығы берілетін және сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетілетін, Мерзімді нарық секциясындағы Сауда-саттыққа Қол жеткізу режимі
- 4.5.2. Мерзімді нарықты қарау режимі — оның талаптары мен шарттарын сақтаған кезде Сауда-саттыққа қатысушыға мерзімді келісімшарттардың сауда-саттықтары шеңберінде Сауда-саттықтар қатысушыларымен жарияланған Өтінімдерді қарауды жүзеге асыру құқығы берілетін, Мерзімді нарық секциясында Сауда-саттыққа Қол жеткізу режимі.
- 4.6. Алынып тасталды (ЕСЖ ДК шешіміне сәйкес, 2014 жылғы 16 мамырдағы № 116 хаттама).

V БӨЛІМ. САУДА-САТТЫҚҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ ҰСЫНУ ШАРТТАРЫ

- 5.1. Сауда-саттыққа қол жеткізу белгілі Сауда секциясындағы Қол жеткізу шарттарына сәйкес Шарттардың 6.2.-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынған, аталған Сауда секциясындағы Биржа мүшелеріне ұсынылуы мүмкін, және Шарттардың VI бөліміне сәйкес Сауда-саттыққа белгілі Қол жеткізу режимін ұсыну туралы құжатты қарау нәтижелері оң болып табылады.
- 5.2. Алынып тасталды (ЕСЖ ДК шешіміне сәйкес, 2014 жылғы 16 мамырдағы № 116 хаттама).
- 5.3. Алынып тасталды (ЕСЖ ДК шешіміне сәйкес, 2014 жылғы 16 мамырдағы № 116 хаттама).
- 5.4. Сауда секциясындағы Сауда-саттыққа қол жеткізуді ұсынудың қосымша шарттары Сауда-саттыққа қатысушымен Өтініш берушімен және (немесе) оның Клиенттерімен Сауда-саттықтарда жасасқан Тауармен мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындау үшін пайдаланылатын, Клирингтік орталықта Сауда есепшоттарын тіркеу және клирингтік қызмет көрсетуді жүзеге асыру туралы Клирингтік орталықпен шартты жасасу, сондай-ақ Клирингтік орталықпен белгіленген Кепілдік қорына жарнаны енгізу болып табылады.
- 5.5. Алынып тасталды (ЕСЖ ДК шешіміне сәйкес, 2014 жылғы 16 мамырдағы № 116 хаттама).

**VI БӨЛІМ. САУДА-САТТЫҚҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІҢ БЕЛГІЛІ РЕЖИМІН ҰСЫНУ
ТУРАЛЫ ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАРАУ РӘСІМІ (САУДА-САТТЫҚҚА
ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ ТӘРТІБІ)**

- 6.1. Биржамен сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсету Сауда-саттыққа қатысушымен жасасқан белгіленген нысаны бойынша Биржалық сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсету туралы шартқа сәйкес және негізінде жүзеге асырылады.
- 6.2. Шарттарға сәйкес Сауда-саттыққа қол жеткізуді алу үшін Өтініш беруші Биржаға келесі құжаттарды ұсынуға тиіс:
- 1) Шарттарға №1 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сауда-саттыққа Қол жеткізудің таңдалған режимін көрсете отырып сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтерді ұсыну туралы өтініш;
 - 2) Шарттарға №3 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша Трейдерлерге арналған сенімхат;
 - 3) Өтініш берушінің атынан қол қоюға құқығы бар тұлғаларға арналған сенімхат (қажет болған жағдайда);
 - 4) Сауда-саттыққа қол жеткізудің таңдалған режимінде сауда жүйесіне қосылу үшін, сондай-ақ қол жеткізудің таңдалған режимінде жұмыс станциясын пайдаланудың бірінші айы ішінде ақпараттық-техникалық қызмет көрсету үшін Биржаның қызметтерін төлеу туралы төлем құжатының көшірмесі.
- 6.3. Алынып тасталды *(ЕСЖ ДК шешіміне сәйкес, 2014 жылғы 16 мамырдағы №116 хаттама)*.
- 6.4. Алынып тасталды *(ЕСЖ ДК шешіміне сәйкес, 2014 жылғы 16 мамырдағы №116 хаттама)*.
- 6.5. Осы бөлімде көзделген құжаттарды алған соң, Биржа оларды 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды және қажет болған жағдайда, Өтініш берушіден жетіспейтін құжаттарға және Шарттарда көзделген өзге де ақпаратқа сұрау салады.
- 6.6. Алынып тасталды *(ЕСЖ ДК шешіміне сәйкес, 2014 жылғы 16 мамырдағы №116 хаттама)*.
- 6.7. Өтініш берушінің белгіленген талаптарға сәйкестігі фактісін анықтау үшін, Биржа Өтініш берушіге қосымша мәліметтерді ұсынуды талап етуге құқылы.
- 6.8. Көрсетілген мерзімдер аяқталған соң келесі жағдайларда:
- 1) Өтініш берушінің белгіленген талаптарға сәйкестік болған жағдайда Биржа Өтініш берушіні Сауда-саттыққа қатысушы ретінде тіркейді, аталған Сауда-саттыққа қатысушыға код береді және Сауда-саттыққа қатысушыға оған берілген код туралы хабарлайды;
 - 2) егер белгіленген мерзімде Өтініш берушімен мәліметтердің толық емес тізбесін ұсыну салдарынан Өтініш берушінің белгіленген талаптарға сәйкестігін айқындалмаса, өтінішті қарау мерзімі 7 (жеті) күнге ұзартылады;

- 3) егер Өтініш берушінің қызметін тексеру нәтижесінде Өтініш берушімен кәсіби этика және адал қызмет нормаларын, заңнаманы, Биржаның Сауда-саттыққа қатысушылармен, Клиенттермен, Биржамен және/немесе үшінші тұлғалармен қатынастардағы ішкі нормативтік құжаттарды бұзу фактілері анықталса, Биржа Өтініш берушіге Сауда-саттыққа қатысушы ретінде тіркеуден негізделген бас тартуды жібереді.
- 6.9. Өтініш берушіні Сауда-саттыққа қатысушы ретінде тіркеуден бас тартуға Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен, Биржаның Директорлар кеңесінде шағымдануға болады.
- 6.10. Алынып тасталды (ЕСЖ ДК шешіміне сәйкес, 2019 жылғы 04 қазандағы № 224 хаттама).

VII БӨЛІМ. САУДА-САТТЫҚҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ ТОҚТАТУ ЖӘНЕ ТОҚТАТА ТҰРУ

- 7.1. Сауда-саттыққа қатысушы Сауда қағидаларының, Сауда қағидаларын іске асыру регламентінің, Биржа мүшелерінің аккредиттеу шарттарының, осы Шарттардың және Биржаның өзге де ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын бұзған кезде, сонымен қатар Биржаның қызметтерін уақтылы төлемеген кезде, Биржаның уәкілетті органының шешімі бойынша Сауда-саттыққа қатысушыға ұсынылған Сауда-саттыққа Қол жеткізу режимінде Сауда секциясында Сауда-саттыққа қатысушының Сауда-саттыққа қол жеткізуді тоқтатылуы мүмкін. Бұл ретте егер Биржа Мүшелерінің аккредиттеу шарттарымен өзгеше көзделмесе, Сауда-саттыққа қатысушымен жасасқан Биржалық сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсету туралы шарт бұзылмайды.
- 7.2. Клирингтік орталықтан Клиринг қағидаларымен белгіленген жағдайларда жіберілетін, Сауда-саттыққа қатысушының Сауда-саттыққа қол жеткізуін тоқтата тұру туралы хабарламасын (талабын) алған кезде Биржа Клирингтік орталықтан Сауда-саттыққа қатысушының Сауда-саттыққа қол жеткізуін қайта беру туралы хабарламаны алғанға дейін, Сауда-саттықтарға қатысуға құқық беретін Қол жеткізу режимінде Сауда-саттыққа қатысушының Сауда-саттыққа қол жеткізуді тоқтата тұрады.
- 7.3. Сауда-саттыққа қол жеткізу Биржалық сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсету туралы шарттың қолданылуы тоқтатылған сәттен тоқталады.

VIII БӨЛІМ. БИРЖА ҚЫЗМЕТТЕРІН ТӨЛЕУ МӨЛШЕРІ МЕН ТӘРТІБІ

- 8.1. Биржа қызметтерін төлеу Тарифтерге сәйкес бір жолғы және кезеңдік төлемдер түрінде жүзеге асырылады. Биржа тарифтерді бір жақты тәртіппен өзгертуге құқылы.
- 8.1.1 Клирингтік орталықпен көрсетілетін қызметтерді төлеу Клиринг қағидаларына сәйкес, Биржаның атына сауда-саттыққа қатысушымен жүзеге асырылады және де Клирингтік орталықпен белгіленген тарифтер шеңберінде төлеуге жатады.¹
- 8.1.2. Биржа, клирингтік қызмет көрсету қызметтері үшін Клирингтік орталықтан төлеуге ұсталатын шотты алып, Сауда-саттыққа қатысушыға шот ұсынады. Сауда-саттыққа қатысушы Биржа шоттарының негізінде белгіленген мерзімдерде биржалық мәмілелерге клирингтік қызмет көрсету қызметтерін төлеуге міндеттенеді.
- 8.2. Биржаға қызметтерді төлеу Биржамен әрбір күнтізбелік айдың қорытындылары бойынша ұсынылатын шоттар негізінде жүргізіледі.
- Шоттар келесі күнтізбелік айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей ұсынылады. Қызметтер төленетін айдан кейінгі айдың соңына дейін төленуге тиіс (яғни, шот ұсынылған айдың соңына дейін),
- 8.3. Сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсетудің мерзімдік кезеңі (есептік кезең) бір күнтізбелік айға тең болып белгіленеді.
- 8.4. Егер де Тарифтер Сауда-саттықтарға белгілі бір Қол жеткізу режимінде Сауда секциясында сауданы ұйымдастыру қызметтері үшін ай сайынғы төлем көзделген жағдайда және де Биржаның ішкі нормативтік құжаттарымен өзгеше көзделмесе, онда:
- 1) Аталған қызметтер төлем ол үшін жүргізілетін айдан алдыңғы айдың 20 (жиырмасыншы) күнінен кешіктірмей Биржамен ұсынылатын шоттарға сәйкес аванстық жүйе бойынша ай сайын төленеді. Ұсынылған шоттар төлем ол үшін жүргізілетін, қызметтерді көрсету кезеңнен алдыңғы айдың соңғы күнтізбелік күнінен кешіктірмей төленеді.
 - 2) Егер Биржамен сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтерді ұсыну күнтізбелік айдың 15 (он бесінші) күнінен бұрын басталса, онда сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтер үшін Биржамен осындай қызметтер үшін белгіленген Тарифпен, ай сайынғы төлемнің толық сомасы өндіріп алынады.
 - 3) Егер Биржамен сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтерді ұсыну күнтізбелік айдың 15 (он бесінші) күнінен кейін басталса, онда сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтер үшін Биржамен осындай қызметтер үшін белгіленген Тарифпен, ай сайынғы төлем сомасының жартысы өндіріп алынады.
 - 4) Есептік кезең ішінде Сауда-саттықтарға Қол жеткізу режимі өзгерген жағдайда Сауда-саттыққа қатысушы Шарттардың 8.4-тармағының 2) және 3) тармақшаларын есепке ала отырып тарифтер арасындағы айырманы қосымша төлейді.

¹Биржалық мәмілелерге клирингтік қызмет көрсету қызметтері биржа тарифінің құрамына кірмейді, сауда-саттыққа қатысушылардың өтеуіне жататын Биржалық мәмілелерге клирингтік қызмет көрсету бойынша Биржаның тікелей шығындары болып табылады.

- 1) Биржаның қазіргі мүшелерімен – жыл сайын, ол үшін төлем жүргізілетін жылдың 15 қаңтарынан кешіктірмей;
 - 2) Биржаның жаңадан қабылданған мүшелерімен – олармен Биржалық сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсету туралы шартқа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде.
- 8.5. Алынып тасталды *(ЕСЖ ДҚ шешіміне сәйкес, 2012 жылғы 07 қыркүйектегі № 84 хаттама)*.
- 8.6. Сауда-саттыққа қатысушы белгілі бір Сауда-саттыққа Қол жеткізу режимінде сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызметтерден бас тартқан жағдайда, онымен төленген төлем қайтарылмайды.
- 8.7. Егер қызметтер көрсетілген ай аяқталған сәттен бастап 5 (бес) күн өткен соң, Биржаға тиісті көрсетпеу бойынша наразылықтар білдірілмесе, қызметтер тиісті түрде көрсетілген болып саналады.
- 8.8. Алынып тасталды *(ЕСЖ ДҚ шешіміне сәйкес, 2012 жылғы 07 қыркүйектегі № 84 хаттама)*.

IX БӨЛІМ. ЖАУАПКЕРШІЛІК

9.1. Сауда-саттыққа қатысушы Биржамен жасасқан келісімдердің шарттарын бұзумен Биржаға келтірілген залалды, оның ішінде іскерлік беделге зиянды өтейді.

9.1. Сауда-саттыққа қатысушымен Биржаның қызметтерін (Тауармен, фьючерстермен, опциондармен мәмілелерді тіркеу үшін биржалық алым; Сауда-саттыққа Қол жеткізу режимін ұсыну үшін төлемдер; Сауда-саттыққа Қол жеткізу режимдерінде Жұмыс станцияларын пайдалану үшін төлемдер) уақтылы/толық төлемеген жағдайда, Сауда-саттыққа қатысушы Биржаның қызметтер төлемі кідірісінің әрбір күнтізбелік күн үшін ақшаның уақтылы төленбеген сомасынан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде Биржаға өсімпұл (тұрақсыздық айыбын) төлейді.

Сауда-саттыққа қатысушымен Биржаға тұрақсыздық айыбын төлеу Сауда-саттыққа қатысушыны Биржаның қызметтерін төлеуден босатпайды.

X БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

10.1. Шарттарға өзгерістер мен толықтырулар Биржа мүшелерінің немесе Биржаның атқарушы органының ұсынысы бойынша Биржаның Директорлар кеңесімен қабылдануы мүмкін.